

### ***Ойынды жүргізуге бөлінетін уақыт – 25 мин***

**Ойын ережесі.** Ойын жүргізуші: «Талапай-ау, талапай, табылды ойын алақай» деп балалармен бірге қайталап, олардың көңілін өзіне баулиды және қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады.

Балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып бөліп алады. Жинаған асықтарын санайды. Әр бала ойынға 5 асықтан тігіп, оларды көздеп атады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы боп ойынды бастап, асықтарды атады. Тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, ойын жүргізушінің тапсырмасына жауап береді. Ол үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интеллектуалдық тапсырмалар алдын-ала дайындалады. Тапсырмаға дұрыс жауап берген бала асық атуға мүмкіндік алады. Екінші рет тигізе алмаған жағдайда өз кезегін асығы көп келесі балаға береді. Егер бала тапсырмаға жауап бере алмаса, басқа балалардың жауап беруіне болады. Бұл жағдайда асықты ату кезегі дұрыс жауап берген балаға беріледі. Осылайша ойын жалғаса береді.

Ойын соңында әр бала ұтқан асықтарын санайды.

Қорытындысында өзінің ептілігімен, тапқырлығымен, сұрақтарға дұрыс жауап беріп, білімімен көп асық жинаған жеңімпаз балалар «Алғыр бала», «Мерген бала», «Зерек бала» номинациялары бойынша марапатталады.

### **5. Бағалау критериялары**

*Бейнетаспа:*

- ойын шартының ашылуы (педагогтің ұйымдастыру шеберлігі);
- ойын мазмұнының ашылуы (сөйлеу мәнері, көрнекі құралдардың қолданылуы);
- видеоның сапасы;
- ойын өткізу орнының талапқа сәйкестігі (ұлттық құндылықта безендірілуі).

*Фотоколлаж:*

- көркем безендірілуі;
- фотоның сапасы;
- сюжеттің ойын мазмұнына сәйкестігі;
- фотоколлаж құрастыруда шығармашылық таныту.

### **6. Байқау жеңімпаздарын марапаттау**

Әрбір кезеңнің әділқазылар алқасы келесі жүлделі орындарды анықтайды:

- «Ең үздік бейнетаспа» номинациясы бойынша:
  - Бас жүлде
  - I орын
  - II орын
  - III орын
- «Ең үздік фотоколлаж» номинациясы бойынша:
  - Бас жүлде